



Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 11.03.2026

Күшіне енген күні: 27.09.2025

Қолжетімділік деңгейі: Ашық қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.1 ADMS

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 38-н/қ

Иесі: Студенттерді оқуға қабылдау офисі

Қайта қарау күні: 01.12.2026

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

Күні: 10.12.2024

Тіркеу нөмірі: 132-н/қ

Бекітуші орган: Провост



1-бөлім. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) талапкерлерді іріктеуге қойылатын жалпы талаптарды, сондай-ақ «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасына (бұдан әрі – НУУАДБ) және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына (бұдан әрі – бакалавриат бағдарламасы) оқуға қабылдау үшін конкурсты ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымына (бұдан әрі – Университет) және «Мейірбике ісі бакалавры» және «Еуразиялық бизнес саласындағы іскерлік әкімшілендіру бакалавриаты» бағдарламаларын қоспағанда, НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына өтінім беретін талапкерлерге қолданылады.

2-бөлім. Терминдер / Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

1) **ACT** (American College Testing – Американдық тестілеу) – қабылдау емтиханы ретіндегі орта мектеп оқушыларының үлгерімін бағалайтын стандартталған тест. Тестте ұзақтығы 30 минут болатын қосымша жазу дағдыларын бағалайтын бөлімі қарастырылған (жазу дағдыларының нәтижелері бар ACT);

2) **Қабылдау мерзімдері** – конкурсқа қатысуға онлайн өтінім беруді, құжаттарды қарауды, бағалау және оқуға қабылдау процестерін қамтитын Университетке қабылдау мерзімдері;

3) **Студенттерді оқуға қабылдау офисі** – Университеттің НУУАДБ, сондай-ақ бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша студенттерді оқуға қабылдауды қамтамасыз етуге жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесі;

4) **A-level** (Advanced Level General Certificate of Education – Орта білім туралы сертификат) – Англия, Солтүстік Ирландия, Уэльс, Шотландия елдеріндегі білім беру мекемелері ұсынатын және Еуропада, АҚШ-та, сондай-ақ әлемнің басқа да көптеген елдерінде кеңінен танылатын стандартты оқуды аяқтау біліктілігі. A-level бағдарламасы бойынша оқыту екі жылға созылады және бұл біліктілік деңгейі талапкерлердің Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландия университеттерінің академиялық бағдарламалары бойынша оқуға жарамдылығын бағалауға арналған стандартты оқуға түсу біліктілігі болып табылады;

5) **Талапкер** – қабылдау конкурсына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



6) **Өтінім беру нысаны** – Жеке кабинетте орналастырылған Университет бағдарламаларына түсуге арналған талапкермен толтырылатын нысан;

7) **Дайындық мектебі (ДМ)** – НУУАДБ-ны іске асыру үшін құрылған Университеттің академиялық бөлімшесі;

8) **CGPA** – жинақталған орташа балл, студенттің бүкіл оқу бағдарламасы барысындағы жалпы академиялық үлгерімінің стандартталған көрсеткіші.

9) **Колледж** – Қазақстан Республикасының аумағында жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беретін немесе орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

10) **ECTS** (European Credit Transfer and Accumulation System – Еуропалық кредиттерді ауыстыру және жинақтау жүйесі) – Еуропалық Одақ аумағындағы және осы жүйені қолданатын басқа еуропалық елдердің жоғары оқу орындары студенттерінің академиялық үлгерімін салыстыруға арналған стандартталған жүйе;

11) **Оқуға қабылдау келісім нысаны** – талапкерлер оқуға түскені туралы хабарламаны алғаннан кейін толтыратын және қол қоятын оқуға шақыруды қабылдау немесе одан бас тарту туралы мәлімдеу нысаны;

12) **Қорытынды GPA** (grade point average – үлгерімнің орташа балы) – жалпы орта білім немесе колледжді аяқтауды растайтын мемлекеттік үлгідегі құжатқа немесе оның халықаралық баламасына қоса берілетін транскриптте көрсетілген барлық бағалардың орташа балы;

13) **Грант** – Университетте білім алуға ақы төлеу үшін әртүрлі қаржыландыру көздерінен талапкерлерге/студенттерге берілетін нысаналы ақша сомасы;

14) **Кепілдік жарна** – НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасы бойынша талапкерге білім алуға арналған орынға кепілдік беретін Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалатын міндетті төлем;

15) **IB DP** (International Baccalaureate Diploma Programme – Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасы) – студенттерді Университеттегі бакалавриат деңгейіндегі бағдарламаларда оқуға дайындайтын жеделдетілген екі жылдық халықаралық білім беру бағдарламасы;

16) **IELTS** (International English Language Testing System – Ағылшын тілі бойынша халықаралық тестілеу жүйесі) – Британдық Кеңес, IDP Education және Cambridge Assessment English жүргізетін стандартталған ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған тест. Осы Қағидалар мен рәсімдер аясында тек академиялық IELTS нәтижелері қабылданады;

17) **NIS Grade 12 Certificate** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 12-сыныпты бітіргеннен кейін сыртқы жиынтық бағалау емтихандарын сәтті тапсырған оқушыларға берілетін Cambridge Assessment International Education-мен бірлесіп іске асырылатын интеграцияланған бағдарламаны аяқтағаны туралы құжаты;

18) **NUET** (Nazarbayev University Entrance Test – Назарбаев Университетіне оқуға түсу тесті) – халықаралық әріптес университет әзірлеген, Математика және Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары бойынша стандартталған оқуға қабылдау емтиханы;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



19) **НУУАДБ** (Назарбаев Университетінің Университет алдындағы дайындық бағдарламасы) – Университеттің бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған Университеттің ДМ іске асыратын біржылдық жеделдетілген Университет алдындағы дайындық бағдарламасы;

20) **НУУАДБ студенті** – НУУАДБ-ның қазіргі студенті;

21) **Мамандық** – бакалавриат бағдарламасы шеңберіндегі оқу бағдарламасы;

22) **Жеке кабинет** – онлайн өтінім беру үшін Университет сайтында талапкерге жеке кеңістік ұсынатын онлайн сервис;

23) **SAT** (Scholastic Aptitude Test – Академиялық қабілеттерді айқындау емтиханы) – жоғары оқу орындарына қабылдауға арналған стандартталған тест;

24) **Мектеп** – Бакалавриат бағдарламасын ұсынатын Университеттің Мектебі;

25) **Тест әкімшісі** – стандартталған тесттерді әзірлеу мен әкімшілік етуге және тестілеуге, тексеру мен жеткізуге байланысты рәсімдерге жетекшілік етуге құқығы бар ұйым;

26) **Ауысып келетін студент** – орта білім алған және Қазақстан Республикасында немесе шетелде қандай да бір университеттік бағдарлама бойынша бакалавр дәрежесі аясында кемінде бір семестр оқыған және Университеттің бакалавриат бағдарламасына түсуге ниетті студент;

27) **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language – Шет тілі ретіндегі ағылшын тілі бойынша халықаралық тест) – Educational Testing Service (ETS) (Принстон, Нью-Джерси, АҚШ) әзірлеген TOEFL IBT (бұдан әрі – TOEFL IBT) тесті форматында әзірленген ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

28) **Бакалавриат бағдарламасы** – бағдарлама аяқталғаннан кейін бакалавр академиялық дәрежесі берілетін төрт жылдық жоғары білім беру бағдарламасы;

29) **Университеттің веб-сайты** – nu.edu.kz мекенжайы бойынша қолжетімді Университеттің интернет ресурсы;

30) **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

31) **ҰБТ** (Ұлттық бірыңғай тестілеу) – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсу емтиханы.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмайтын терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарында анықталады.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Оқуға қабылдау талаптары

3.1.1. НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау конкурстық негізде және меритократия қағидасы бойынша – талапкерлерді олардың оқуға түсу нәтижелері негізінде іріктеу, яғни қабылдау кезінде әрқайсысына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, сыртқы

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



факторлардың ықпалынсыз неғұрлым перспективалы және дарынды студенттерді іріктеуді жеңілдеті отырып жүзеге асырылады.

3.1.2. Конкурстық іріктеу және құжаттарды қабылдау мерзімдерін Мектептермен келісе отырып, Студенттерді оқуға қабылдау офисі белгілейді, содан кейін Университет Провосты немесе оны алмастыратын тұлғасы қызметтік жазба арқылы бекітеді.

3.1.3. Конкурсқа мына критерийлерге сай келетін талапкерлер қатыса алады:

- 1) орта білім беру ұйымдарының бітіруші сыныптарының оқушылары;
- 2) техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының соңғы курстарының оқушылары;
- 3) орта, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар талапкерлер;
- 4) НУУАДБ студенттері.

3.1.4. Конкурсқа келесі санаттардың біріне жататын талапкерлер қатыса алады:

- 1) NUET талапкерлері:

Осы талапкерлерге арналған NUET бойынша қағидалар мен рәсімдер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.3-бөлімінде жазылған. NUET талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген. НУУАДБ-дан өз еркімен немесе мәжбүрлеп шығарылған талапкерлер оқудан шығарылған сәттен бастап бір оқу жылы ішінде НУУАДБ-ға және бакалавриат бағдарламасына NUET санаты бойынша өтінімдерді бере алмайды;

- 2) SAT/ACT талапкерлері:

SAT/ACT талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген. SAT/ACT сертификаттары бакалавриат бағдарламасына талапкерлердің азаматтығына қарамастан, ал НУУАДБ-ға тек халықаралық талапкерлерден ғана қабылданады.

SAT/ACT сертификаттарының нәтижелері талапкер өтінімді берген тиісті оқу жылының 1-тамызына дейін қолданылу мерзімі аяқталмаған болса ғана жарамды болып есептеледі. Конкурстық іріктеу шеңберінде SAT/ACT сертификаттарының қолданылу мерзімі SAT және ACT емтихандарын тапсыру күнінен кейін екі жыл болып есептеледі.

Конкурста тек тесттің digital SAT сертификаттары қарастырылады. SAT/ACT сертификаттарын бағалау кезінде superscoring (ең жоғары жалпы балл алу үшін екі немесе одан да көп тест сертификаттарының барлық емтихан секциялары бойынша ең жоғары балдарды пайдалану) қолданылмайды. Егер талапкерлер бірнеше жарамды SAT/ACT сертификаттарын ұсынса, конкурста superscoring қолданылмай, ең жоғары ортақ нәтижелері бар сертификат есепке алынады;

3) Халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары:

Халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарына қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген. Халықаралық және/немесе «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары тек бакалавриат бағдарламасына түсу үшін ғана қарастырылады;

4) A-level дипломының немесе NIS Grade 12 Certificate дипломының иегерлері:

A-level немесе NIS Grade 12 Certificate дипломының иегерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген. Конкурстық іріктеуде тек A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломының қорытынды баллдары қарастырылады. A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломдары тек бакалавриат бағдарламасына түсу үшін қарастырылады. Конкурстық іріктеу шеңберінде A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломдарының қолданылу мерзімі осы дипломдар берілген күннен кейін екі жыл болып есептеледі;

5) IB дипломының иегерлері:

IB дипломының иегерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген. Конкурстық іріктеуде тек қорытынды баллдары қарастырылады. IB дипломдары тек бакалавриат бағдарламасына түсу үшін қарастырылады. Конкурстық іріктеу шеңберінде IB дипломының қолданылу мерзімі осы диплом берілген күннен кейін екі жыл болып есептеледі;

6) НУУАДБ студенттері:

НУУАДБ студенттері НУУАДБ-ны бітіргеннен кейін алдағы академиялық жылы Университеттің бакалавриат бағдарламасының бірінші курсына қарастырылады және 1-қосымшада көрсетілген талаптарға (IELTS және TOEFL талаптардан басқа) сай болуы қажет. НУУАДБ студенттерінің нәтижелері ДМ-мен Студенттерді оқуға қабылдау офисіне ұсынылады;

7) Full Tuition fee-paying талапкерлер (оқу ақысын өздері төлейтін талапкерлер):

Full Tuition fee-paying талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген. Талапкерлер IELTS/TOEFL нәтижелері және қорытынды GPA немесе ағылшын тіліндегі тапсырылған ҰБТ негізінде қарастырылады.

8) Ауысып келетін студенттер:

Ауысып келетін студенттерге қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада келтірілген. Ауысып келетін студенттер тек ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдануға қарастырылады. Талапкерлер IELTS/TOEFL және CGPA нәтижелері негізінде қарастырылады. Тиісті Мектеп мақұлдаған жағдайда Мектеп кредит аударымын ескере отырып, оқу бағдарламасын (оқу жылын) айқындайды. IELTS/TOEFL нәтижелерін тапсырудан тек ресми оқыту тілі ағылшын тілі болып табылатын университетте бакалавриат бағдарламаларының кемінде бір семестрін сәтті аяқтаған ауысып келетін студенттер санатындағы талапкерлер босатылады.

3.1.5. Конкурсқа кез-келген бағдарлама/деңгей студенттері (НУУАДБ студенттерінен басқа) мен Университеттің бағдарламаларының (НУУАДБ



студенттерінен басқа) түлектері қатыса алмайды. НУУАДБ студенттері тек НУУАДБ студенттерінің санаты бойынша өтінім бере алады.

НУУАДБ студенттері және бір семестрді аяқтамаған Университеттің бакалавриат бағдарламасының студенттері Университеттен өз еркімен немесе Студенттердің мінез-құлық кодексі және тәртіптік рәсімдерінде белгіленген бұзушылықтардан өзге негіздер бойынша Университеттен мәжбүрлеп шығарылған тұлғалар осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген ең төменгі қабылдау талаптарына сай келетін жағдайда, оқудан шығарылған күннен бастап бір күнтізбелік жыл өткеннен кейін Грант тағайындау конкурсына қатысуға құқылы.

3.1.6. Кез келген Грант бойынша НУУАДБ бағдарламасын аяқтаған Талапкерлер осы бағдарламаға Грантқа қайта оқуға қабылдау үшін қарастырылмайды.

3.1.7. Қазақстан Республикасының басқа жоғары оқу орындарында мемлекеттік Грант шеңберінде бакалавр дәрежесін алған талапкерлер мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша немесе НУУАДБ және Университеттің бакалавриат бағдарламасына Гранттардың басқа түрлері бойынша оқуға қабылданбайды. Бұл талапкерлер тек ақылы оқу үшін қарастырылуы мүмкін.

3.1.8. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағында көрсетілген талапкерлердің (НУУАДБ студенттері санатын қоспағанда) сондай-ақ бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын немесе оқуды бітірген талапкерлердің кредиттерін аударуды тиісті Мектеп жүзеге асырады.

3.1.9. Кем дегенде бір семестрді аяқтаған және тәртіптік емес себептермен Университеттен өз еркімен шығарылған Университеттің бакалавриат бағдарламасының бұрынғы студенттері үшін екі ерекше шарт қолданылады:

1) Университеттен шығарылғаннан кейін 5 жыл ішінде бұрынғы студенттер Университеттің Регистратор офисі белгілеген қайта қабылдау рәсімінен өтуі тиіс;

2) Университеттен шығарылғаннан кейін 5 жыл өткен соң бұрынғы студенттер осы Қағидалар мен рәсімдерде белгіленген шарттар мен рәсімдерге сәйкес жаңа студент ретінде қайта өтінім беруі керек.

3.2. Өтінім беру процесі

3.2.1. НУУАДБ және/немесе бакалавриат бағдарламасына түсу бойынша конкурсқа қатысу үшін талапкерлерге порталда (www.admissions.nu.edu.kz) көрсетілген мерзімге дейін өтінім беріп, сондай-ақ Жеке кабинетте:

1) дербес деректерді өңдеуге келісімді қабылдау және өтінім нысанын толтыру;

2) осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымшада көрсетілген талапкерлерге қажетті құжаттардың сканерленген (немесе электрондық) көшірмелерін жүктеу қажет. Құжаттар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде рәсімделмеген жағдайда, ағылшын тіліне нотариалдық аудармасын қоса жүктеу;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



3) admissions.nu.edu.kz жеке кабинеті арқылы қайтарылмайтын тіркелу жарнасын онлайн төлеуге және бағдарламаға өтінім беруге тиіс. Егер Жеке кабинет арқылы төлем жасау мүмкін болмаса, талапкер баламалы төлем тәсілдерін келісу үшін Студенттерді оқуға қабылдау офисін хабардар етуге міндетті. Тіркелу жарнасының мөлшері Университеттің ішкі құжаттарымен белгіленеді;

4) жарамды IELTS немесе TOEFL iBT сертификаты нәтижелерін Жеке кабинетте Тест әкімшісі жүйесі арқылы тексеру және сертификаттардың сканерленген көшірмелерін/электрондық сертификатты жүктеу қажет. Жеке кабинетке жүктелген және тексерілген соңғы тестілеу сертификаты superscoring-сіз конкурста ескеріледі. IELTS/TOEFL тест сертификаттары талапкер оқуға тапсырып жатқан тиісті академиялық жылдың 1-тамызына дейін қолданылу мерзімі аяқталмаған болса ғана жарамды болып есептелінеді. IELTS/TOEFL нәтижелерінің қолданылу мерзімдері әр тесттің тиісті ресми сайтында беріледі.

3.2.2. НУУАДБ студенттері осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.1-тармағының тек 1) және 3) тармақшаларын орындайды.

3.2.3. НУУАДБ студенттері санатын қоспағанда (НУУАДБ студенттері бағдарламаны аяқтағаннан кейін тек Full Tuition fee-paying талапкерлері санатына ғана өзгерте алады), осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағында көрсетілген талапкер санатын ерікті түрде өзгертуге осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағында көрсетілген таңдалған санатқа сәйкес келетін тест нәтижелерін таңдалған санат үшін белгіленген тест нәтижелерін беру мерзімдерінде ұсынған жағдайда, сондай-ақ, белгіленген мерзімде Студенттерді оқуға қабылдау офисіне онлайн-нысан арқылы санатты өзгерту сұралған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Студенттерді оқуға қабылдау офисі жоғарыда көрсетілген талаптар белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, талапкердің санатын өзгертуге жол бермейді.

3.2.4. Университеттің белгіленген ішкі құжаттарына сәйкес Университеттің арнайы Гранттарын алу талаптарына сай келетін талапкерлер, қажет болған жағдайда, Студенттерді оқуға қабылдау офисі белгілеген мерзімде сұралған форматта қосымша растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

3.2.5. Оқуға қабылданған студенттердің осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымшада көрсетілген өтінім беру кезеңінде Жеке кабинетте орналастырылған құжаттарының көшірмелері Университеттің Регистратор офисіне электрондық форматта қолжетімді болады және студенттің жеке папкасын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

3.2.6. Осы Қағидалар мен рәсімдерге 3-қосымшада көрсетілген талапкерлердің оқуға түсуге арналған құжаттары Университеттің Регистратор офисіне беріледі және Университеттің белгіленген ішкі құжаттарына сәйкес студенттерге қайтарылуы тиіс.

3.2.7. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.1-тармағында көрсетілген толық емес деректерді ұсыну және/немесе талаптарды орындамау конкурстан шығаруға әкеп соғады. Жеке кабинетте толық емес ақпаратты және/немесе



құжаттарды ұсыну да конкурстан шығаруға немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығаруға әкеп соғады.

3.2.8. Құжаттарды бұрмалаған немесе тестілеу талаптарын бұзған талапкерлер конкурстан шығарылады немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығарылады және болашақта Университеттің сол деңгейдегі бағдарламасына түсуге өтінімді қайта беру құқығынан айырылады.

Конкурстан шығару кезеңдерін Студенттерді оқуға қабылдау офисі ДМ және Мектептермен бірлесіп айқындайды және мерзімдер төменде көрсетілгендей:

академиялық тәртіпті бұзғаны үшін (мысалы, емтихан кезінде жазуды тоқтатпау және басқалар): бір (1) күнтізбелік жыл;

ауыр академиялық тәртіп бұзғаны үшін (мысалы, сұрақтарға жауап беру үшін электронды құрылғыларды пайдалануға әрекет жасау, құжаттарды бұрмалау): үш (3) күнтізбелік жыл.

Мұндай мәселелер бойынша қабылданған шешімдер осы Қағидалар мен рәсімдерінің 3.5.24-тармағына сәйкес іріктеу процесі мен рейтингтердегі өзгерістер туралы есепте міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

3.3. NUET рәсімдеріне қойылатын талаптар мен сипаттамалар

3.3.1. Университет емтихандардың өтетін күнін, форматы мен орнын немесе онлайн платформаны анықтайды. Бұл туралы ақпарат Университеттің ресми сайтында жарияланады. Талапкерге өтінім нысанында көрсетілген электрондық пошта арқылы хабардар етіледі.

3.3.2. NUET-ке қатысу жарнасы қайтарылмайды. Жарна мөлшері және оны енгізу тәртібі Университеттің ішкі құжаттарында белгіленеді.

3.3.3. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.1-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген қадамдарды белгіленген мерзімге дейін орындаған NUET талапкерлері ДМ-нен NUET-ке қатысу үшін төлем жасау тәртібі туралы ақпарат алады. Егер талапкер ДМ белгілеген рәсімдерге сәйкес NUET-ке қатысу жарнасын төлемесе, ол тест тапсыруға рұқсат алмайды. Төлем жасау тәртібі ДМ-мен реттеледі.

3.3.4. NUET-ті Университеттің ДМ-нің көмегімен халықаралық әріптес университет/Тест әкімшісі әкімшілендіреді және бағалайды. Халықаралық әріптес университет/Тест әкімшісі тест ережелері мен форматын анықтайды.

3.3.5. NUET екі пән бойынша өткізіледі: «Математика» және «Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары». Әр пән бірнеше жауап нұсқалары бар 30 тест тапсырмаларынан тұрады. Әр пән бойынша тестілеудің ұзақтығы – 60 минут. Тест тапсырмаларының саны мен емтихандардың ұзақтығын халықаралық әріптес университет/Тест әкімшісі өзгертуі мүмкін.

3.3.6. NUET-тің стандартталған бағалау шкаласының ауқымы әр пән бөлімі бойынша 0-ден 120-ға дейінгі баллды құрайды. Ең төменгі талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген.

3.3.7. NUET-ке шақыруды алғаннан кейін талапкерлер, егер тест онлайн өткізілсе, талапкерге берілген Тест әкімшісінің техникалық талаптарын «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



орындауға дайын болуы қажет. Тестілеудің форматына қарамастан (онлайн, компьютермен немесе қағаз түрінде тапсырылған) талапкерлер өтінім беру кезінде Жеке кабинетке жүктелген жеке куәліктің немесе паспорттың түпнұсқасын ұсына отырып, тестке тіркелу кезінде авторизация рәсімінен өтуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда талапкер тестілеуден өтуге жіберілмейді.

3.3.8. NUET нәтижелері талапкердің Жеке кабинетінде жарияланады.

3.3.9. NUET-ті сәтті тапсырған талапкерлер конкурсқа қатысуды жалғастыра алады.

3.3.10. Талапкерлер әріптес халықаралық университет/Тест әкімшісі бекіткен қағидалар мен рәсімдерде көзделген тестілеуден өту талаптарын сақтауға міндетті. Тестілеуден өту талаптары Университеттің сайтында жарияланады, сондай-ақ тестілеу өткізілгенге дейін талапкерге электрондық пошта арқылы жіберіледі.

3.3.11. Тестілеуден өту талаптарын бұзған талапкерлердің нәтижелерін әріптес халықаралық университет/Тест әкімшісі ДМ-нің көмегімен жояды. NUET нәтижелері жойылған талапкерлер осы Қағидарлар мен рәсімдердің 3.2.8-тармағына сәйкес конкурстан шығарылады.

3.3.12. NUET нәтижелеріне апелляция рәсімі көзделмеген.

3.4. Өтінімдерді қарау тәртібі

3.4.1. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағының 1)-5) тармақшасында көрсетілген талапкерлер үшін НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау үшін іріктеу процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Студенттерді оқуға қабылдау офисі осы Қағидалар мен рәсімдердің 1-2 қосымшаларында көрсетілген тізімге сәйкес талапкерлердің құжаттарын қарайды және оқуға түсудің ең төменгі қабылдау талаптарына сәйкестігін және стандартталған тест нәтижелерін тест әкімшілерінің дерекқорына кіру арқылы тексереді;

2) Студенттерді оқуға қабылдау офисі NUET талапкерлеріне осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.1 және 3.3.3-тармақтарындағы барлық талаптарын орындаған жағдайда, Университеттің сайтында және/немесе Жеке кабинетте жарияланған мерзімдерде ДМ ұсынған талапкерлердің тізімі негізінде оларға шақырулар жібереді;

3) Тиісті мектеп халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарына жеке немесе бейнеконференция режимінде сұхбат өткізеді. Тағайындалған сұхбат алушылар саны әрбір сұхбаттасудан өтетін талапкерге екі адамнан кем болмауы тиіс. Сұхбаттасу нәтижелері Студенттерді оқуға қабылдау офисіне жіберіледі және осы Қағидалар мен рәсімдерінің 3.5.24-тармағына сәйкес іріктеу процесі мен рейтингтердегі өзгерістер туралы есепте тіркеледі;

4) Студенттерді оқуға қабылдау офисі әр санат бойынша талапкерлердің емтихан мен сұхбат нәтижелерін алады;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



5) Студенттерді оқуға қабылдау офисі осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген барлық кезеңдерден сәтті өткен және өз санатының ең төменгі талаптарына сәйкес келетін талапкерлерді Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес электрондық пошта арқылы ақылы негізде оқуға қабылдау мүмкіндігі туралы хабардар етеді. Осы хабарламаның негізінде ақылы негізде оқуға шақыру хатын қабылдайтын және осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.16-тармағының 1)-2) тармақшаларында көрсетілген әрекеттерді орындайтын талапкерлер рейтингке кірмейді және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес қандай да бір Гранттардың түрін иеленуге қарастырылмайды.

3.4.2. Студенттерді оқуға қабылдау офисі осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшаға сәйкес НУУАДБ студенттері санатындағы талапкерлердің өтінімдерін қарайды және осы санаттағы бакалавриат бағдарламасына түсуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкестігі тұрғысынан ДМ-нан алған қорытынды бағалар негізінде тексереді.

Студенттерді оқуға қабылдау офисі осы санаттағы талапкерлердің қорытынды бағалау нәтижелерін ДМ-нен алады. Бағдарламалардағы шектеулі орындар санына байланысты талапкерлердің рейтингісі жасалуы мүмкін.

3.4.3. Студенттерді оқуға қабылдау офисі осы Қағидалар мен рәсімдерге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Full Tuition fee-paying талапкерлері санатындағы талапкерлердің құжаттар пакетін қарайды және осы санаттағы НУУАДБ-ға және бакалавриат бағдарламасына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді.

3.4.4. Студенттерді оқуға қабылдау офисі осы Қағидалар мен рәсімдерге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес ауысып келетін студенттер санатындағы талапкерлердің құжаттарын қарайды және осы санаттағы бакалавриат бағдарламасына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді.

3.4.5. Студенттерді оқуға қабылдау офисі стандартталған тест нәтижелерін тест әкімшілерінің дерекқорына кіру арқылы тексереді. Белгілі бір санаттың ең төменгі талаптарына сай келетін талапкерлер ғана осы санат шеңберінде оқуға қабылдауға ұсынылады.

3.4.6. Университет қажет болған жағдайда кез келген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

3.4.7. Конкурсқа өтінімді сәтті тапсыру Мектептерге немесе ДМ-ге оқуға қабылдануға кепілдік бермейді.

3.4.8. Мәселелерді шешу Университет органдарының немесе уәкілетті тұлғаларының құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, Студенттерді оқуға қабылдау офисі Университет Провостымен немесе оны алмастыратын тұлғамен өзара әрекеттесе отырып, осы Қағидалар мен рәсімдермен реттелмеген мәселелерді дербес шешеді. Мұндай мәселелер бойынша қабылданған шешімдер осы Қағидалар мен рәсімдерінің 3.5.24-тармағына сәйкес іріктеу процесі мен рейтингтердегі өзгерістер туралы есепте міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

3.4.9. Студенттерді оқуға қабылдау офисі осы Қағидалар мен рәсімдерде, сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген ережелерге сәйкес «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



оқуға қабылдау үдерісін ұйымдастырады және жоспарлайды. Жұмыс рәсімдері Университеттің мүдделер қақтығысы мен құпиялылық мәселелері бойынша ішкі құжаттарына сәйкес келуі тиіс.

3.5. НУУАДБ-на және бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау

3.5.1. Студенттерді оқуға қабылдау офисі осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1 және 3.4.2-тармақтарында көрсетілген барлық кезеңдерден сәтті өткен және өз санаты бойынша оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптарды орындаған, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағының 1)-6) тармақшаларында көрсетілген талапкерлердің рейтингін құрайды. Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес 3.4.1-тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген ақылы негізде оқуға шақыру хатын қабылдаған талапкерлер рейтингке енгізілмейді.

Рейтинг Университет Провостына немесе оны алмастыратын тұлғаға Студенттерді оқуға қабылдау офисі жіберген әдістемемен қоса қызметтік жазба бойынша резолюциямен бекітілген рейтинг әдістемесі негізінде құрылады. Әдістеме бірдей қорытынды балы бар жағдайларға арналған рәсімдерді қамтуы тиіс. Талапкерлер өз санаты және мамандығы (таңдалған мамандық негізінде) бойынша сараланады.

Бекітілген рейтинг негізінде Университет Провосты немесе оны алмастыратын тұлға бакалавриат бағдарламасына шекті балды (cutting score) анықтайды және талапкерлерді НУУАДБ немесе бакалавриат бағдарламасы бойынша бөледі. Шекті балдан жоғары және оған тең талапкерлер бакалавриат бағдарламасының кіші рейтингін қалыптастырады. Шекті балдан төмен талапкерлер НУУАДБ-ның кіші рейтингін қалыптастырады.

Университет Провосты немесе оны алмастыратын тұлға Студенттерді оқуға қабылдау офисі қағаз жеткізгіште ұсынған және қол қойылған талапкерлердің рейтингін бекітеді және талапкерлердің бекітілген рейтингі және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес орындардың бөлінетін саны және/немесе басқа қаржыландыру көздерінің барлық түрлеріне арналған квоталары негізінде талапкерлерді НУУАДБ-ға немесе бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдауға ұсынады.

3.5.2. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4-тармағының 1)–6) тармақшасында көрсетілген талапкерлердің санатына қарамастан, рейтингті қалыптастыру кезінде талапкердің бірінші таңдаған мамандығы қаралады. Екінші таңдаған мамандық тиісті Мектеп сұрауы бойынша ғана қаралады.

3.5.3. Осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшаның 8-кестесінде көрсетілген ең төменгі расталған оқуға түсу талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ студенттері әрбір мамандық бойынша бөлінген орындар саны шегінде рейтингке сәйкес бакалавриат бағдарламаларына Грантқа оқуға шақырту хатын алады. Университет Провосты немесе оны алмастыратын тұлғасы шешімімен кейбір талапкерлер бекітілген рейтингке сәйкес мамандықтардағы/бағдарламалардағы орын санының шектеулі болуына байланысты бакалавриат бағдарламасына екінші таңдаған мамандығы бойынша «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



Университет Провостымен немесе оны алмастыратын тұлғамен қарастырылуы мүмкін.

Осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшаға сәйкес 7-кестеде көрсетілген ең төменгі оқуға түсу талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ студенттері Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес мамандықтардың орын мүмкіндіктерін ескере отырып, ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына ғана оқуға шақыру хатын алады.

3.5.4. Бакалавриат бағдарламаларына бөлінген орындар санының негізінде рейтингі ең жоғары талапкерлер Грант шеңберінде бакалавриат бағдарламасына оқуға шақыру хатын алады. Оқуға қабылдау туралы шешімді талапкерлерге Студенттерді оқуға қабылдау офисі хабарлайды. Халықаралық талапкерлерге Гранттар беру үшін қарастыру тәртібі Университеттің ішкі құжаттарында белгіленеді.

3.5.5. НУУАДБ-ға бөлінген орындар санының негізінде талаптарға сәйкес келетін талапкерлер өздерінің рейтингі бойынша Грант шеңберінде НУУАДБ-ға оқуға шақыру хатын алады. Оқуға қабылдау туралы шешімді талапкерлерге Студенттерді оқуға қабылдау офисі хабарлайды. Халықаралық талапкерлерді Гранттар беру үшін қарастыру тәртібі Университеттің ішкі құжаттарында белгіленеді.

3.5.6. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.4 және 3.5.5-тармақтарында көрсетілген, Грант есебінен оқуға шақыру хатын алмаған талапкерлер рейтингтеріне сәйкес тиісті бағдарламаның күту тізіміне енеді.

3.5.7. Студенттерді оқуға қабылдау офисі талапкерлердің конкурсқа қатысудан бас тартуына және/немесе конкурстан шығарылуына және/немесе Университет пен Университеттің ішкі құжаттарымен бекітілген қаржыландыру көздерінің барлық түрлеріне бөлінетін орындар және/немесе квоталар санына сәйкес оқуға шақырудан бас тарту салдарынан бос қалған орындарды толтыру үшін талапкерлердің рейтингіне сәйкес күту тізіміндегі талапкерлерге оқуға шақыру хатын жібере алады.

3.5.8. Тиісті бағдарламаның күту тізіміне енгізілген талапкерлерге Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес, бос орындар бар болған жағдайда, ақылы негізде оқуға түсу мүмкіндігі беріледі. Ақылы негізде оқуға шақыру хатын қабылдаған талапкерлер, орындар болған жағдайда, Грант шеңберінде тиісті бағдарламаның конкурсына қатысуды жалғастыра алады. Егер талапкер бұрын Грантқа оқуға шақырудан бас тартса, кейіннен, бағдарламада орындар болған жағдайда, ақылы негізде ғана оқуға шақыруды қабылдауға рұқсат етіледі.

3.5.9. Бакалавриат бағдарламасының күту тізіміндегі NUET талапкерлері және шетелдік SAT/ACT талапкерлері Университет Провостымен немесе оны алмастыратын тұлғамен бекітілген рейтинг негізінде және Университет бекіткен қаржыландыру көздерінің барлық түрлеріне бөлінетін орындар және/немесе квоталар санына сәйкес Грант шеңберінде НУУАДБ-ға қабылдануы мүмкін.

3.5.10. НУУАДБ-ның рейтингіне енгізілген және осы Қағидалар мен рәсімдерге сәйкес бакалавриат бағдарламасының ең төменгі талаптарына «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



сәйкес келетін талапкерлерге, бос орындар болған жағдайда, Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес олардың сұрауы бойынша ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына қабылдау мүмкіндігі беріледі.

3.5.11. Ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына оқуға шақыру хатын қабылдаған талапкерлер НУУАДБ конкурсынан автоматты түрде шығарылады және керісінше болуы мүмкін.

3.5.12. Талапкерлер тек бір академиялық бағдарламаға және/немесе білім деңгейіне қабылдана алады.

3.5.13. Full Tuition fee-paying талапкерлері санатындағы талапкерлер НУУАДБ немесе бакалавриат бағдарламаларына Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес бағдарламадағы бос орындар негізінде тек ақылы негізде оқуға шақыру хатын алады. Full Tuition fee-paying талапкерлері санатындағы талапкерлердің бірінші таңдаған мамандықтары конкурста қарастырылады, екінші таңдаған мамандықтары тиісті Мектеп сұрауы бойынша ғана қарастырылады. Мектепте немесе колледжде оқудың соңғы жылы ішінде GPA-мен өтінім берген талапкерлер осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшаға сәйкес қорытынды GPA-ды алу талабы қойыла отырып, шартты түрде оқуға шақыру хатын алады. Шартты түрде оқуға шақыру талаптары орындалмаған жағдайда, талапкер автоматты түрде конкурстан шығарылады және тиісті бағдарламаға қабылданбайды.

3.5.14. Ауысып келетін студенттер санатындағы талапкерлер бакалавриат бағдарламаларына тек ақылы негізде және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес оқуға бос орындар бары ескеріле отырып, оқуға шақыру хатын алады. Ауысып келетін студенттер санатындағы талапкерлердің бірінші таңдаған мамандықтары конкурста қаралады, екінші таңдаған мамандықтары тиісті Мектеп сұрауы бойынша ғана қарастырылады.

3.5.15. Студенттерді оқуға қабылдау офисі оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлерді шешім туралы хабардар етеді. Оқуға қабылдау талаптары оқуға шақыру хатында көрсетіледі. Оқуға шақыру хатында көрсетілген оқуға қабылдау талаптарын белгіленген мерзімге дейін орындамау талапкерді бағдарламаға қабылдау құқығынан айырады.

3.5.16. Оқуға шақыру хатын қабылдау үшін барлық санаттағы оқуға ұсынылған Талапкерлер белгілеген мерзімде:

1) Жеке кабинетте оқуға қабылдауға және кепілдік жарнасын төлеуге келісім нысанын толтырып, тапсыруға;

2) admissions.nu.edu.kz сайтындағы Жеке кабинет арқылы кепілдік жарнасын төлеуге міндетті. Жеке кабинет арқылы төлем жасау мүмкін болмаған жағдайда, талапкер баламалы төлем тәсілдерін келісу үшін Студенттерді оқуға қабылдау офисін хабардар етуге міндетті. Міндетті кепілдік жарнаны қайтару шарттары Университеттің ішкі құжаттарымен айқындалады;

3) орта / жалпы орта білімді немесе колледжді аяқтағаны туралы мемлекеттік үлгідегі транскрипті бар құжаттың сканерленген көшірмесін, ал ол болмаған жағдайда - оның шетелдік баламасын Жеке кабинетке жүктеуге міндетті. Егер білім туралы құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде



жасалмаған болса, онда оның нотариалды куәландырылған ағылшын тіліне аудармасының сканерленген көшірмесі де ұсынылуы керек;

4) Қажет болған жағдайда Студенттерді оқуға қабылдау офисіне орта / жалпы орта білім немесе колледжді аяқтағаны туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың түпнұсқасын транскриптпен бірге немесе, қолданылған жағдайда, оның шетелдік баламасын ұсынуға міндетті.

3.5.17. Университет, қажет болған жағдайда, кез келген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

3.5.18. Егер талапкер оқуға шақыру хатын қабылдаса және Университеттің Регистратор офисінің жүйесіне көшірілсе, ол автоматты түрде екінші мамандықты таңдау және НУУАДБ-ның конкурсынан шығарылады. Егер талапкер күту тізімінсіз Мектептің оқуға шақыру хатын алса және оны қабылдаса, ол автоматты түрде екінші мамандықты таңдау конкурсынан шығарылады.

3.5.19. Оқуға шақыру хатынан бас тартқан немесе хабарламада көрсетілген талаптарды орындамаған не болмаса осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.16 және 3.5.17- тармақтарында аталған құжаттардың бір немесе бірнешеуін ұсынбаған жағдайда, талапкер Университеттің тиісті бағдарламасына оқуға қабылданбайды.

3.5.20. Талапкерлерге Университет Гранттарын тағайындау Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.5.21. Талапкерлерді Университетке оқуға қабылдау Университет бекіткен қаржыландыру көздерінің барлық түрлеріне бөлінетін орындар және/немесе квоталар санына және талапкерлердің бағдарлау аптасына келуін көрсететін Мектептердің қызметтік жазбаларына сәйкес Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен рәсімделеді. Оқуға қабылдау туралы шешімде соңғы оқуды қаржыландыру көзі көрсетіледі.

3.5.22. IB дипломының иегерлерін, A-level және NIS Grade 12 Certificate дипломдарының иегерлерін, НУУАДБ және ауысып келетін студенттерді қоспағанда, қосымшасы бар жалпы орта білім туралы дипломды / орта мектеп дипломын ала алмайтын талапкерлер бағдарламаның академиялық күнтізбесіне сәйкес бірінші күзгі семестрдің соңына дейін IB немесе A-level дипломын (немесе оның баламасының) ресми транскриптімен бірге ұсыну міндеттемесімен бағдарламаға шартты түрде қабылдануы мүмкін. Шартты түрде қабылдау талаптары орындалмаған жағдайда студент Университеттен шығарылады. Шартты түрде қабылданған студенттің мәртебесін өзгерту үшін барлық талаптарды орындау қажет. Регистратор офисі мен Студенттерді оқуға қабылдау офисі қабылдау талаптарының орындалғаны немесе орындалмағаны туралы бір-біріне хабарлауы керек. Қажетті талап орындалған жағдайда талапкер/студент шартсыз түрде оқуға қабылданған болып саналады.

3.5.23. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.16-тармағының 1)–2) тармақшаларында көрсетілген талаптарды орындаған НУУАДБ студенттері санатындағы талапкерлер бакалавриат бағдарламасына бағдарлау аптасына міндетті түрде қатысу талабымен шартты түрде қабылданады. Аталған шарт орындалмаған жағдайда студент Университеттен шығарылады.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



3.5.24. Қабылдау барысында 3.5.1-тармақшада көрсетілген бастапқы бекітілген құжаттарға енгізілген барлық өзгерістерді тіркеу үшін іріктеу процесі және рейтингтердегі өзгерістер туралы есепті Студенттерді оқуға қабылдау офисінде әзірлейді. Осы есеп бағдарлау аптасынан кейін және тиісті оқу жылының Дайындық мектебі мен Мектептерде оқу басталғаннан кейін қазақ және ағылшын тілдерінде қағаз жеткізгіште жасалады. Осы есепті Университет Провосты немесе оны алмастыратын тұлға бекітеді. Есеп құпия болып табылады және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау шеңберінде Университет жұмыскерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етілуге жатпайды. Есеп сканерден өткізіліп, Университеттің архивіне тапсырылғанға дейін Студенттерді оқуға қабылдау офисінде сақталады.

3.5.25. Талапкерлер шешімді алғаннан кейін бес (5) жұмыс күні ішінде тек алғашқы қабылдау шешіміне ғана апелляция бере алады. Академиялық бағаға келіспеу және/немесе қосымша/жаңартылған материалдар негізінде берілген апелляциялар қабылданбайды. Жарамды апелляция конфиденциалды түрде бес (5) жұмыс күні ішінде қарастырылады. Апелляция нәтижесі туралы тек Студенттерді оқуға қабылдау офисі ғана талапкерге хабардар етуі тиіс. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда, оқу бағдарламасына қабылдау бағдарламаның бекітілген сыйымдылығы шегіндегі орындардың бар-жоғына байланысты болады. Апелляцияның оң нәтижесі Гранттың берілуіне кепілдік бермейді. Апелляция бойынша қабылданған шешім соңғы болып табылады және одан әрі қайта қарастырылмайды. Осы Қағидалар мен рәсімдерінің 3.5.24-тармағында көрсетілген іріктеу процесі және рейтингтердегі өзгерістер туралы есебіне енгізіледі.

3.6. Бакалавриат бағдарламасына академиялық жыл ортасында оқуға қабылдау

3.6.1. Бакалавриат бағдарламасының академиялық күнтізбесіне сәйкес көктемгі семестрге ақылы негізде оқуға қабылдау үшін талапкерлерді қосымша іріктеуді Студенттерді оқуға қабылдау офисі жүзеге асырады.

3.6.2. Конкурс өткізілетін және құжаттарды қабылдау жүзеге асырылатын оқуға қабылдау мерзімін Мектептермен келісе отырып, Студенттерді оқуға қабылдау офисі белгілейді, содан кейін Университет Провосты немесе оны алмастыратын тұлға қызметтік жазба арқылы бекітеді.

3.6.3. Барлық санаттағы талапкерлер осы Қағидалар мен рәсімдерге 1–2-қосымшаларда көрсетілген өз санатына қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс. Әрбір санаттың сипаттамасы мен талаптары осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4, 3.1.7 және 3.1.8-тармақтарында көрсетілген. Осылайша, NUET талапкерлері академиялық жылының ортасында өтінім берілген сол күнтізбелік жылы алынған NUET нәтижелерімен ғана өтінім бере алады. NUET-ке қойылатын ең төменгі талаптар осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген.



Талапкерлердің рейтингі осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.1-тармағына сәйкес мамандықтарға қабылдау орындарында шектеулер болған жағдайда ғана қалыптастырылуы мүмкін.

3.6.4. Университетте кез келген бағдарлама және/немесе білім беру деңгейі бойынша білім алып жатқан студенттер, сондай-ақ Университет бағдарламаларының түлектері (НУУАДБ-ның түлектерін қоспағанда) бакалавриат бағдарламаларына түсу үшін қарастырылмайды.

3.6.5. Орта білім беру ұйымдарының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының бітірген талапкерлер оқуға қабылдану үшін академиялық жылдың ортасында қаралатын болады.

3.6.6. Өтінім беру үшін талапкерлер портал (admissions.nu.edu.kz) арқылы өтінім береді және осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2-бөлігінде (3.2.4-тармақты қоспағанда), 3.4.1-тармағының 1), 3), 4) тармақшаларында және 3.4.6-тармағында сипатталған рәсімдерді ұстанады.

3.6.7. Өтінім беруді сәтті аяқтау Университеттің тиісті Мектептеріне қабылдануға кепілдік бермейді.

3.6.8. Университет бекіткен ақылы негізде оқуға бөлінетін орындар саны негізінде талапкерлер тиісті бакалавриат бағдарламасына оқуға шақырту хатын алады. Оқуға қабылдау кезінде бірінші таңдалған мамандық ескеріледі, екінші таңдалған мамандық Университеттің тиісті Мектебінің сұратуы бойынша ғана қарастырылады. Қабылдауға ұсынылған талапкерлер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.16 және 3.5.17-тармақтарында көрсетілген қадамдарды орындайды.

3.6.9. Көктемгі семестрге ақылы негізде бакалавриат бағдарламасына құжаттар тапсырып, қабылдауға ұсынылған талапкерлер қабылдау және оқуға алу кезінде «Назарбаев Университеті» білім беру Грантын және өзге де Гранттарды тағайындауға іріктеуге қатыспайды.

3.6.10. Талапкерлерді ақылы негізде көктемгі семестрге оқуға қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен рәсімделеді.

4-бөлім. Босату

4.1. Университеттің Академиялық кеңесі мен Басқарушы кеңесі бекіткеннен кейін академиялық күнтізбенің белгіленген мерзімдері бұзылмаған жағдайда, тек бекітуші орган ғана осы Қағидалар мен рәсімдердің жекелеген ережелерінен босатуға құқылы. Босату тек белгілі бір мерзімге және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ішкі құжаттарында айқындалған ерекше жағдайларда ғана беріледі.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.



6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер бекітілгеннен және қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қаралуы және қажет болған жағдайда өзгертілуі тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

7.2. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысы.

7.3. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет пен студенттердің жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау қағидалары.

7.4. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет пен студенттердің жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау рәсімі.

7.5. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының құпия мәліметтерді қамтитын құжаттар мен ақпаратты басқару жөніндегі регламенті.

7.6. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының білім беру гранттарын беру, одан айыру немесе қайта бөлу қағидалары.

7.7. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасының академиялық қағидалары мен рәсімдері.

7.8. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламаларының академиялық қағидалары мен рәсімдері.



«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
Университет алдындағы
дайындық бағдарламасы және
бакалавриат бағдарламасы
бойынша оқуға қабылдау
қағидалары мен рәсімдеріне
1-қосымша

**НУУАДБ және бакалавриат бағдарламасына
оқуға түсу конкурсына қатысуға қойылатын ең төменгі қабылдау
талаптары**

**1. IELTS және TOEFL нәтижелері бойынша ең төменгі оқуға қабылдау талаптары
(НУУАДБ студенттері санатын қоспағанда)**

Ағылшын тілі нәтижелері	НУУАДБ	Бакалавриат бағдарламасы
IELTS нәтижелері	Жалпы балл 5.5-тен кем емес (жазу – 5.5, тыңдалым – 5.0, оқылым – 5.5, сөйлеу – 5.0)	Жалпы балл 6.0-ден кем емес (жазу – 6.0, тыңдалым – 5.5, оқылым – 5.5, сөйлеу – 5.5)
TOEFL нәтижелері	ETS веб-сайтында жарияланған TOEFL баламалы ұпайы	ETS веб-сайтында жарияланған TOEFL баламалы ұпайы

Конкурстық іріктеуде тек жарамды сертификаттар және ресми Тестілеу орталығында тікелей қатысу арқылы тапсырылған жағдайда ғана қарастырылады;

Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадаларының жеңімпаздарына ең төменгі өту балы талап етілмейді;

IELTS Online немесе IELTS Indicator нәтижелері конкурста және Университетке іріктеу процесінде қабылданбайды;

Бастапқы тест нәтижелері бойынша IELTS One Skill Retake тестін бір рет қана қайта тапсыруға рұқсат етіледі және тек бір бөлімге қолданылады;

TOEFL iBT Home Edition нәтижелері конкурста және Университетке іріктеу процесінде қабылданбайды;

IELTS сертификатының жалпы балы 6.0 болатын бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер Университеттің ішкі құжаттары бойынша белгілі бір оқу талаптарына сәйкес келуі керек.

2. NUET талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

NUET	Жалпы ең төменгі балл	Әр пән бойынша ең төменгі өту балдары
Математика	120	50
Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары		50

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

**3. SAT/ACT* талапкерлерін қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары**

SAT және ACT үшін ең төменгі қабылдау талаптары	НУУАДБ**	Бакалавриат бағдарламасы
SAT нәтижелері	SAT – 1140	SAT – 1240
ACT нәтижелері	ACT – жалпы балл 24-тен кем емес	ACT - жалпы балл 26-дан кем емес

*Конкурста SAT және ACT нәтижелері *superscoring*-сіз қаралады;

**НУУАДБ-ға өтінім беретін шетелдік талапкерлерге ғана.

4. Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадаларының жеңімпаздарына қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары**

Олимпиада	Медаль түрі
Республикалық олимпиада	Ағымдағы академиялық жылдағы алтын және күміс медальдары (I, II орындар)
Халықаралық олимпиада	Соңғы 3 жылдағы алтын, күміс және қола медальдары (I, II, III орындар)

*Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары санатындағы талапкерлер бір мезгілде олимпиаданың екі түрі бойынша конкурсқа қатыса алады.

Халықаралық пәндік олимпиадалардың тізбесі

1. Математикадан халықаралық олимпиада (IMO)
2. Физикадан халықаралық олимпиада (IPhO)
3. Химиядан халықаралық олимпиада (IChO)
4. Биологиядан халықаралық олимпиада (IBO)
5. Информатикадан халықаралық олимпиада (IOI)
6. Математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасы
7. Оқушылардың химиядан халықаралық Менделеев олимпиадасы

Қазақстан Республикасының республикалық пәндік олимпиадаларының тізбесі

1. Математикадан республикалық олимпиада
2. Физикадан республикалық олимпиада
3. Химиядан республикалық олимпиада
4. Биологиядан республикалық олимпиада
5. Информатикадан республикалық олимпиада

5. A-level/NIS Grade 12 Certificate иегерлеріне балл бойынша қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

A-level дипломы/NIS Grade 12 Certificate дипломының ең төменгі қабылдау талаптары
Кез келген пән бойынша ABB-ден кем емес

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



6. IV дипломының иегерлеріне балл бойынша қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

IV дипломының ең төменгі қабылдау талаптары

Жалпы балл 30-дан кем емес және ілгері деңгейдегі 3 пән бойынша 4, 4, 5

7. Бакалавриат бағдарламасына ақылы негізде өтінім беретін НУУАДБ студенттеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

	Аббревиатура	Курстың атауы	Баға
	FMAT 041	Foundation Mathematics 2	50
ЖӘ НЕ	FEAP 020	Foundation English for Academic Purposes 2	60
ЖӘ НЕ	FLDP 095	Leadership 2	50

Mathematics (FMAT 041), EAP (FEAP 020), және Leadership (FLDP 095) пәндері бойынша бағалар бірінші семестрдің FMAT 010, FEAP 010 және FLDP 090 бағаларын қамтиды және бұл сәйкесінше әр пән бойынша қорытынды баға болып есептеледі.

8. Бакалавриат бағдарламасына Грантқа өтінім беретін НУУАДБ студенттері үшін ең төменгі расталған қабылдау талаптары

	Аббревиатура	Курстың атауы	Баға
	FMAT 041	Foundation Mathematics 2	70
ЖӘ НЕ	FEAP 020	Foundation English for Academic Purposes 2	70
ЖӘ НЕ	FLDP 095	Leadership 2	70

Mathematics (FMAT 041), EAP (FEAP 020), және Leadership (FLDP 095) пәндері бойынша бағалар бірінші семестрдің FMAT 010, FEAP 010 және FLDP 090 бағаларын қамтиды және бұл сәйкесінше әр пән бойынша қорытынды баға болып есептеледі.

9. Full Tuition fee-paying талапкерлеріне* қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

Орта мектептің/колледждің қорытынды GPA үшін қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары	НУУАДБ	Бакалавриат бағдарламасы
GPA немесе баламасы** немесе ҰБТ ағылшын тілінде ***	5.0-ден 3.5 1. Математикалық сауаттылық: 10-нан 7 2. Оқу сауаттылығы: 10-нан 7	5.0-ден 4.0 1. Математикалық сауаттылық: 10-нан 8 2. Оқу сауаттылығы: 10-нан 8

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



	3. Жалпы нәтиже: 75	3. Жалпы балл: 85
--	---------------------	-------------------

* Бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер Университеттің ішкі құжаттары бойынша белгілі бір оқу талаптарына сәйкес келуі керек.

**Басқа бағалау шкалалары эквиваленттілі болу үшін GPA 5.0 шкаласына түрлендіру керек. IB DP және GCE Advanced level (A-level) үшін келесі түрлендіру қолданылады:

IB DP	GPA (из 5.0)	GCE Advanced level (A-level)	GPA (из 5.0)
7	5.0	A*	5.0
6	4.5	A	4.7
5	4.0	B	4.0
4	3.5	C	3.5
3	2.5	D	3.0
2	2.0	E	2.0
1	1.0	F	1.0
		U	0.0

***Тек белгіленген мерзімге дейін ұсынылған соңғы сертификат қарастырылады. Superscoring қолданылмайды.

10. Ауысып келген студенттерге қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

Университеттің CGPA бойынша ең төменгі қабылдау талаптары	Баға
CGPA	4.0-ден 2.0*

* CGPA төмен талапкерлерді оқуға қабылдау тиісті Мектеп деканының қарастыруы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бакалавриат бағдарламасына ақылы негізде оқуға түсу конкурсына қатысуға қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары (Академиялық жылдың ортасында оқуға қабылдау)

1. IELTS және TOEFL нәтижелері бойынша оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптар

Ағылшын тілі бойынша нәтижелер	Бакалавриат бағдарламасы
IELTS нәтижелері	Жалпы балл 6.0-ден кем емес (жазу – 6.0, тыңдалым – 5.5, оқылым – 5.5, сөйлеу – 5.5)
TOEFL нәтижелері	ETS веб-сайтында жарияланған TOEFL баламалы ұпайы

Конкурстық іріктеуде тек жарамды сертификаттар және ресми Тестілеу орталығында тікелей қатысу арқылы тапсырылған жағдайда ғана қарастырылады;

Пәндік олимпиада жүлдегерлеріне қойылатын ең төменгі өту балы талап етілмейді; IELTS Online немесе IELTS Indicator нәтижелері конкурста және Университетке іріктеу процесінде қабылданбайды;

TOEFL iBT Home Edition нәтижелері конкурста және Университетке іріктеу процесінде қабылданбайды;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



IELTS сертификатының жалпы баллы 6.0 болатын бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер Университеттің ішкі құжаттары бойынша белгілі бір оқу талаптарына сәйкес келуі керек.

2. NUET талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

NUET	Жалпы ең төменгі балл	Әр пән бойынша ең төменгі өту балдары
Математика	130	60
Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары		60

3. SAT/ACT* талапкерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

SAT және ACT үшін ең төменгі қабылдау талаптары
Digital SAT - 1240
немесе
ACT - жалпы балл 26-дан кем емес

*Конкурста SAT және ACT нәтижелері *superscoring*-сіз қаралады.

4. Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадаларының жеңімпаздарына қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары*

Олимпиада түрі	Медаль түрі
Республикалық олимпиада	Ағымдағы академиялық жылдағы алтын және күміс медальдары (I, II орындар)
Халықаралық олимпиада	Соңғы 3 жылдағы алтын, күміс және қола медальдары (I, II, III орындар)

*Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары бір мезгілде олимпиаданың екі түрі бойынша конкурсқа қатыса алады.

Халықаралық пәндік олимпиадалардың тізбесі

1. Математикадан халықаралық олимпиада (IMO).
2. Физикадан халықаралық олимпиада (IPhO).
3. Химиядан халықаралық олимпиада (IChO).
4. Биологиядан халықаралық олимпиада (IBO).
5. Информатикадан халықаралық олимпиада (IOI).
6. Математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасы.
7. Оқушылардың химиядан халықаралық Менделеев олимпиадасы.

Қазақстан Республикасының республикалық пәндік олимпиадаларының тізбесі

1. Математикадан республикалық олимпиада.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



2. Физикадан республикалық олимпиада.
3. Химиядан республикалық олимпиада.
4. Биологиядан республикалық олимпиада.
5. Информатикадан республикалық олимпиада.

5. A-level/NIS Grade 12 Certificate иегерлеріне қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

A-level дипломы/NIS Grade 12 Certificate-ының ең төменгі қабылдау талаптары

Кез келген пән бойынша ABB-ден кем емес

6. IB дипломының иегерлеріне балл бойынша қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

IB дипломының ең төменгі қабылдау талаптары

Жалпы балл 30-дан кем емес және ілгері деңгейдегі 3 пән бойынша 4, 4, 5

7. Full Tuition fee-paying талапкерлеріне* қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

Орта мектептің/колледждің қорытынды GPA /ҰБТ нәтижелері үшін қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары	Бакалавриат бағдарламасы
GPA немесе баламасы**	5.0-ден 4.0
немесе	
ҰБТ ағылшын тілінде ***	1. Математикалық сауаттылық: 10-нан 8 2. Оқу сауаттылығы: 10-нан 8 3. Жалпы нәтиже: 85

* Бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер Университетті ішкі құжаттары бойынша белгілі бір оқу талаптарына сәйкес келуі керек.

**Басқа бағалау шкалалары эквивалентті болу үшін GPA 5.0 шкаласына түрлендіру керек. IB DP және GCE Advanced level (A-level) үшін келесі түрлендіру қолданылады:

IB DP	GPA (из 5.0)	GCE Advanced level (A-level)	GPA (из 5.0)
7	5.0	A*	5.0
6	4.5	A	4.7
5	4.0	B	4.0
4	3.5	C	3.5
3	2.5	D	3.0
2	2.0	E	2.0
1	1.0	F	1.0
		U	0.0

***Тек белгіленген мерзімге дейін ұсынылған соңғы сертификат қарастырылады.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Университет алдындағы дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



Superscoring қолданылмайды.

8. Ауысып келетін студенттерге қойылатын ең төменгі қабылдау талаптары

Университеттің CGPA бойынша ең төменгі қабылдау талаптары	Балл
CGPA	4.0-ден 2.0*

** CGPA төмен талапкерлерді оқуға қабылдау тиісті Мектеп деканының қарастыруы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін*



«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
Университет алдындағы
дайындық бағдарламасы және
бакалавриат бағдарламасы
бойынша оқуға қабылдау
қағидалары мен рәсімдеріне
2-қосымша

Конкурсқа қатысуға онлайн өтінім беру үшін талапкерлер тапсыратын құжаттар тізбесі

1. Халықаралық талапкерлерге: паспорттың сканерленген көшірмесі, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін: жеке куәліктің немесе паспорттың сканерленген көшірмесі.

2. Жеке кабинеттегі үлгіге сәйкес келетін Талапкердің оқу орнынан алынған анықтамасы (тек өтінім берген сәтте бітіруші сынып/курс оқушылары болып табылатын талапкерлер үшін ғана).

3. Жалпы орта білім немесе колледж туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың қосымшасымен бірге сканерленген көшірмесі немесе оның халықаралық баламасы (тек түлектер үшін), кейіннен қағаз нұсқасында құжатты белгіленген мерзімде уақтылы ұсыну қажет.

4. Full Tuition Fee-paying санатындағы талапкерлерге: егер өтінім GPA негізінде берілсе, өткен оқу жылының транскриптінің сканерленген көшірмесі немесе егер өтінім ҰБТ нәтижелері негізінде берілсе, ҰБТ сертификаты.

5. NIS Grade 12 Certificate иегерлеріне: NIS Grade 12 Certificate-тың сканерленген көшірмесі, кейіннен құжатты қағаз нұсқада белгіленген мерзімде уақтылы ұсыну.

6. IB дипломының иегерлеріне: IB дипломының қосымшасы бар сканерленген көшірмесі, кейіннен құжатты қағаз нұсқада белгіленген мерзімде уақтылы ұсыну қажет.

7. A-level дипломының иегерлеріне: A-level дипломының сканерленген көшірмесі, кейіннен құжатты қағаз нұсқада белгіленген мерзімде уақтылы ұсыну қажет.

8. Халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарына: халықаралық және/немесе республикалық пәндік олимпиада дипломының/сертификатының сканерленген көшірмесі.

9. SAT/ACT талапкерлеріне: Тест әкімшісінің жүйесі арқылы расталған жарамды ACT сертификаты және жарамды SAT сертификаты және Тест әкімшісінің жүйесінен жүктелген нәтижелердің сканерленген көшірмесі.

10. Тест әкімшісінің жүйесі арқылы расталған жарамды IELTS немесе TOEFL нәтижелері және сертификаттың сканерленген көшірмесі немесе Тест әкімшісінің Жеке кабинетінен жүктелген электрондық сертификат.



«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
Университет алдындағы
дайындық бағдарламасы және
бакалавриат бағдарламасы
бойынша оқуға қабылдау
қағидалары мен рәсімдеріне
3-қосымша

Оқуға қабылдау үшін талапкерлер ұсынатын құжаттар тізбесі

1. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың түпнұсқасы немесе оның халықаралық баламасы қосымшасымен бірге, қолданылған жағдайда.
2. NIS Grade 12 Certificate-тың иегерлеріне: NIS Grade 12 Certificate-тың түпнұсқасы.
3. A-level дипломының иегерлеріне: A-level дипломының түпнұсқасы.
4. IB дипломының иегерлеріне: IB дипломының түпнұсқасы транскриптімен бірге.